Қауіпсіздік техникасы нұсқауларын орындамау адам денсаулығы мен өміріне қауіпті салдар тудырып, қоршаған орта мен жабдықта қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасындағы нұсқауларды орындамау өтемақыны қайтару бойынша барлық кепілдік міндеттемелерінің күшін жоюы мүмкін.

Әсіресе, қауіпсіздік техникасы талаптарын орындамау келесі қауіптерді тудыруы мүмкін:

- жабдықтың негізгі функцияларының жұмыс істемеуі;
- алдын ала жазылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электрлік немесе механикалық факторларға байланысты қызметкерлер денсаулығы мен өміріне төнетін қауіп.

1.5 Қауіпсіздік техникасын сақтаумен жұмыстар орындау

Жұмыстарды орындау кезінде осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасындағы нұсқаулар, қауіпсіздік техникасы бойынша ұлттық реттеулер, жұмыстарды орындау, пайдалану және қауіпсіздік техникасы бойынша тұтынушы аумағында жарамды кез келген ішкі реттеулер сақталуы керек.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсетуші қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

- Егер жабдық қолданыста болса, жылжымалы тораптар мен бөлшектердің қорғаныс қалқандарын демонтаждауға тыйым салынады.
- Электр энергиясымен байланысты туатын қауіпті ескермеу керек (қосымша ақпарат үшін ЭҚЕ реттеулерін және жергілікті ток беруші мекемелерді қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

Тұтынушы барлық техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау жұмыстарын осындай жұмыстарға рұқсаты бар және монтаждау және пайдалану нұсқаулығымен толығымен таныс, білікті қызметкерлермен орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Барлық жұмыстар үнемі өшірулі жабдықта жүргізілуі керек. Жабдықты тоқтату кезінде монтаждау және пайдалану нұсқаулығында сипатталған жұмыс тәртібі сақталуы керек. Жұмыстар аяқталған кезде барлық демонтаждалған қорғаныс және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы керек.

1.8 Қосалқы тораптар мен бөлшектерді дайындау және өздігінен қайта жабдықтау

Құрылғыларды қайта жабдықтау немесе өзгерту жұмыстарын тек өндірушімен келісіп орындауға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер және өндіруші фирмамен пайдалануға рұқсат етілген құрамдастар пайдалану сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

Басқа өндірушілер тораптары мен бөлшектерін пайдалану өндірушінің осының салдарынан туатын қауіптен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Рұқсат етілмейтін пайдалану режимдері

Жеткізілетін жабдықтың пайдалану сенімділігіне «Қолдану аясы» бөліміндегі функциялық тағайындауға сәйкес жағдайда ғана кепілдік беріледі. Жабдықты рұқсат етілетін техникалық деректер мәннен тыс пайдалануға тыйым салынады, бұл жабдықтың істен шығуына әкеледі.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдық тасымалын жабық вагондарда, жабық автокөліктерде, өуе, су немесе теңіз тасымалымен жүргізу керек.

Механикалық факторлар әсеріне байланысты жабдық тасымалдау жағдайлары ГОСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Бумадағы жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмас үшін тасымалдау құралдарына берік бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау жағдайлары ГОСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Қондырғыны белгілі бір уақыт сақтау кезінде ішіндегі сұйықтықты төгіп, құрғақ орында сақтау керек.

Қондырғыны -40 °С және 70 °С температура аралығында сақтаңыз.

Максималды тағайындалған сақтау мерзімі - 2 жыл. Сақтау мерзімі ағымында консервациялау талап етілмейді.

3. Құжаттағы таңбалар және жазбалар мағынасы



Ескерту
Осы нұсқауларды орындамау адамдар денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Ескерту
Осы нұсқауларды орындамау электр тогының зақымдалуына әкеліп, адамдар өміріне және денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Назар аударыңыз
Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтаң және оның зақымынан бас тартуға әкелуі мүмкін.



Нұсқау
Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз қолданысын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.




Ескерту
Жабдықтың ыстық беттерімен байланыс күйіп қалуға және ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Осы нұсқаулық тұрақты қысым сақталатын кірістірілген жиілік түрлендіргіштен тұратын SCALA2 (кейінірек мәтін бойынша SCALA2) сорғы қондырғысына қолданылады.

Сипаттамасы




1-сур. SCALA2 сыртқы көрінісі

Айқ. Сипаттамасы

1	Мембраналы бак ниппелі
2	Басқару тақтасы
3	Фирмалық тақтайша
4	Сорғы білігін айналдыруға жол беруге арналған тығын
5	Кері клапаны бар құю тығыны
6	Ауытқуы ± 5° иілгіш қосылысты ағын келте құбыры
7	Ауытқуы ± 5° иілгіш қосылысты сорғыш келте құбыры
8	Ағызатын тығын
9	Желдету саңылаулары. Толтырылмауы керек.

SCALA2 конструкциясы




ТМ06 3306 5114

2-сур. SCALA2 конструкциясы

Айқ.	Бөлшек атауы	Материал
1	Сорғы корпусы	Алюминий, құрамдас және EN 1.4301 / AISI 304
2	Басқару блогының қақпағы	Құрамдас
3	Сорғы бөлігінің қақпағы	Құрамдас
4	Білік бекітпесі	Графит/керамика
5	Камералар (4 қадам)	Құрамдас
9	Кері клапан (айдау)	Құрамдас
10	Бак	Құрамдас, бутил EN 1.4301 / AISI 304
11	Жалғастырғыш модуль	Құрамдас
19	Ағызатын тығын	Құрамдас
22	Иілгіш қосылысты кіріс штуцер (R 1" / NPT 1")	Құрамдас
24	Кері клапан (сору)	Құрамдас

SCALA2 құрамына келесілер кіретін жиынтық автоматты қондырғы болып есептеледі: кірістірілген автоматика блогы, жиілік түрлендіргіштен тұратын электр қозғалтқыш, кірістірілген бак, қысым датчигі, сору және айдау жағындағы кері клапандар.

Фирмалық тақтайша



3-сур. Фирмалық тақтайша мысалы

Айқ. Сипаттамасы

1	Сорғы түрі
2	Өнім нөмірі
3	Сериялық нөмір
4	Өндірілген күні [1-ші және 2-ші сан = жыл; 3-ші және 4-ші сан = күнтізбелік апта]
5	Максималды ағын [м]
6	Минималды ағын [м]
7	Номинал ағын [м]
8	Номинал шығын [м³/сағ]
9	Қоршаған ортаның максималды температурасы [°C]
10	Қорғаныс деңгейі
11	Максималды жұмыс қысымы [МПа]
12	Сұйықтықтың максималды температурасы [°C]
13	Минималды және максималды тұтынылатын қуат [Вт]
14	Үлгі
15	Кернеу [В] және жиілік [Гц]
16	Нарықтағы айналым белгісі
17	Минималды және максималды ток [А]
18	Өндіруші ел

Өдепкі белгі

SCALA	2	3	-45	A	K	C	H	D	E
Қондырғы типі:									
Қондырғы сериясы									
Номинал шығын [м³/сағ]									
Максималды ағын [м]									
Материал коды:									
A: Стандарт									
Электр қуатының кернеуі:									
K: 1 x 200-240 В, 50/60 Гц									
M: 1 x 208-230 В, 60 Гц									
V: 1 x 115 В, 60 Гц									
W: 1 x 100-115 В, 50/60 Гц									
Электр қозғалтқыш:									
C: Жиілік түрлендіргішінен тұратын тиімділігі жоғары электр қозғалтқыш									
Кабель ұзындығы және аша түрі:									
A: Ашалы кабель, IEC бойынша I түрі, AS/NZS3112, 2 м									
B: Ашалы кабель, IEC бойынша B түрі, NEMA 5-15P, 6 фут									
C: Ашалы кабель, IEC, E&F түрі, CEE7/7, 2 м									
D: Ашасыз кабель, 2 м									
G: Ашалы кабель, IEC бойынша G түрі, BS1363, 2 м									
H: Ашалы кабель, IEC бойынша I түрі, IRAM 2073, 2 м									
J: Ашалы кабель, NEMA 6-15P, 6 фут									
Сорғыны басқару құрылғысы:									
D: Кірістірілген жиілік түрлендіргіш									
Түтікті қосымша қосылыс:									
A: R 1" EN 1.4308									
C: NPT 1" EN 1.4308									
E: R 1", құрамдас материал									
F: NPT 1", құрамдас материал									

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алу кезінде қаптаманы және жабдықтың өзін тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымдалуларын тексеріңіз. Қаптаманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын мұқият тексеріп алыңыз. Егер алынған жабдық тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Жеткізуші ықтимал зақымды мұқият қарау құқығын сақтайды.

Қаптаманы жою жөніндегі мәліметті 19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат бөлімнен қар.

5.2 Жылжыту



Ескерту

Қолмен орындалатын көтеру, тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелер шектеуін сақтау керек.



Жабдықты қуат кабелінен көтеруге тыйым салынады.

6. Қолданылу аясы

SCALA2 тағайындалуы:

- қысым арттыру;
- құдықтардан/ұңғымалардан сумен жабдықтау (максималды сору биіктігі - 8 метр).

Орнату құдықтың/ұңғыманың параметрлері бойынша таңдалуы тиіс. Еш жағдайда қондырғының



өнімділігі ұңғыманың өнімділігінен аспауы керек (соның ішінде, абиссин ұңғымасы*). Әйтпесе қондырғының жұмыс тұрақтылығы бұзылатын болады.

* Абиссин ұңғымасы – бұл су іркіш металл немесе пластик құбыр диаметрі 2,5-4 см, тереңдігі 10-15 м дейін жететін сусорғылы қыртыс.

SCALA2 қолдану аясы:

- жеке үйлер,
- жазғы үйлер және саяжайлар,
- фермалар,
- бақтар және басқа үлкен бау-бақша шаруашылықтары.

SCALA2 сорғысы таза ауыз суды және 0,3 мг/л дейінгі белсенді хлордан тұратын хлорлы суды және сорғыға механикалық немесе химиялық әсер етуі мүмкін қатты қосылыстардан немесе талшықтардан тұрмайтын, таза, тез қозғалатын, жанбайтын және жарылмайтын сұйықтықтарды айдауға арналған.

7. Қолданылу қағидаты

SCALA2 жұмыс принципі кіріс келте құбырдан шығысқа өтетін сұйықтық қысымын арттыруға негізделген. Электр қозғалтқышы статоры орамының электромагниттік энергиясын роторға беру білік арқылы роторға қосылған жұмыс дөңгелегін айналдырады. Сұйықтық сорғының кіріс келте құбырынан жұмыс дөңгелегінің ортасына, одан кейін қалақшалары бойымен ағады. Ортадан тепкіш күш әсерімен сұйықтық жылдамдығы артып, кинетикалық энергия артып, шығыс келте құбырдағы қысымға түрлендіріледі. Сорғы корпусы сұйықтық жұмыс дөңгелегінен сорғының шығыс келте құбырынан жиналатындай етіп құрастырылған.

SCALA2 сорғысы кірістірілген жиілік түрлендіргіш пен қысым датчигі арқасында айналымы шығын кезінде тұрақты қысымды сақтайды. Жүйеде талап етілетін қысым ағымдағы көрсеткіштен өзгеше болғанда жиілік

түрлендіргіш біліктің айналу жылдамдығын талап етілетін жұмыс жағдайларына бейімдеуі үшін датчик интеллектуалды басқару блогына сигнал береді.

8. Құрастыру

SCALA2 сорғысын монтаждау туралы қосымша ақпарат қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

8.1 Монтаж орны

SCALA2 сорғысын бөлме ішінде немесе сыртында бекітуге болады, бірақ төмен температуралар әсер етпеуі керек.

SCALA2 сорғысын дренажға жақын немесе суық беттерден конденсатты шығаруға арналған дренаж құбыр желісіне қосылған табандыққа орнату ұсынылады.

8.1.1 Минималды кеңістік

SCALA2 сорғысын сөре сияқты шағын орынға бекітуге болады. Монтаждауға талап етілетін минималды кеңістік (Ұ x Е x Б): 430 x 215 x 325 мм.

Монтажға көп орын керек болмағанымен, техникалық және қызмет көрсетуге жеткілікті орын қарастыру ұсынылады.

6 м-ден асатын тереңдіктен сұйықтықты көтеру кезінде қалыпты жұмыс режимін қамтамасыз ету мақсатында сорғы шығысынан жақын су жинау нүктесіне дейінгі ағын кез келген шығын жағдайында кемінде 2 м су бағаны болуы керек.

8.1.2 SCALA2 сорғысын төмен температуралар жағдайында орнату

SCALA2 сорғысын температура нөлден төмен түсуі мүмкін бөлме сыртына орнату керек болса, аяздан қорғау үшін сорғыны толығымен жылумен оқшауланған материалмен жабыңыз.

8.2 Жүйе параметрлерін таңдау



Ескерту

SCALA2 сорғысы орнатылатын жүйе сорғының максималды қысымына есептелуі керек.

SCALA2 сорғысының зауытта орнатылған шығыс қысымы 3 бар болып табылады және қондырғы бекітілетін жүйеге сәйкес реттелуі мүмкін.

Бактегі бастапқы қысым 1,25 бар болады.

8.3 Механикалық бөлшектерді монтаждау




Ескерту


SCALA2 сорғысымен жұмысты бастау алдында электр қуаты өшірілгенін және кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

8.4 Бекіту талаптары

SCALA2 сорғысы бұрандалармен негіз тақтадағы саңылауға кірістірілген берік көлденең фундаментке бекітілуі керек. 4 және 5 суреттерін қараңыз.



4-сур. Көлденең негізге орнату



5-сур. Негіз тақта

A	130 мм
B	181 мм
C	144 мм


8.4.1 Құбыр желісін монтаждау

SCALA2 сорғысына сорғыш және ағын келте құбырынан механикалық күш берілмеуі керек. SCALA2 сорғысы сорғыш және ағын құбыр желісі қосылымын жеңілдететін ауытқу бұрышы $\pm 5^\circ$ сорғыш және ағын жалғастырғыштарымен жабдықталған. Сорғыш және ағын келте құбырлары жапқыш гайкаларды бұраумен қолмен шешілуі керек.

SCALA2 сорғысының сорғыш және ағын қосылыстарындағы жапқыш гайкаларды тек қолмен бұрауға және шешуге рұқсат етіледі.

Назар аударыңыз

1. Құбыр желісі жүйесіне түтік кілті немесе балама құрал арқылы SCALA2 сорғысының сорғыш және ағын келте құбырларын абайлап бұраңыз.
2. Одан кейін, SCALA2 кірісі мен шығысына келте құбырларды бір қолмен ұстап, жапқыш гайкаларды басқа қолмен бұраумен бекітіңіз. 6-суретті көріңіз.



6-сур. Құбыр желісін монтаждау


8.4.2 SCALA2 сорғысындағы шуды азайту

SCALA2 сорғысының шуы орта конструкциясына беріліп, төменгі дыбыс жиіліктерінің спектрі деп аталатын 20-1000 Гц ауқымында шу жасауы мүмкін.

Демпферлік резеңке төсемелермен, иілгіш шлангілермен және қатты түтіктер үшін дұрыс орналастырылған бекіткіштермен дұрыс монтаждау шу деңгейін шамамен 50 %-ға төмендетуі мүмкін. 7-суретті көріңіз.

Қатты түтіктер бекіткішін қосылған иілгіш шлангілер жанына орналастырыңыз.

Қатты құбырға арналған бекітпе




7-сур. SCALA2 шуын азайту шаралары

8.5 Монтаж мысалдары

Фитингілер, түтіктер және клапандар SCALA2 жеткізу жинағына кірмейді.

8.5.1 Ағын су қысымын арттыру




8-сур. Магистральді құбыр желісіндегі су қысымын арттыру

Айқ. Сипаттамасы

1	Ең жоғарғы су шығару нүктесі.
2	Түтіктер бекіткіштері және негіздері.
3	Шығыс клапандар.
4	Иілгіш шлангілер.
5	Байпас клапан.
6	Сорғы шығысындағы максималды сорғымен құрылатын қысымды 10 бар (1 МПа) максималды рұқсат етілетін қысымнан асырмайтын кірістегі қысым артуынан қорғайтын сорғыштағы редукциялық клапан.
7	Жүйені сорғыдан кейінгі қысым артуынан қорғайтын айдау жағындағы қосымша сақтандырғыш клапан (6 бар дейінгі қысымда орнатылмайды).
8	Конденсат ағысының табандығы (SCALA2 сорғысын желдету саңылауларына су басуды болдырмайтын шағын тұғыр/тақта).
9	Манометр.
10	Магистральді су құбыры.

8.5.2 Құдықтан/ұңғымадан су беру




9-сур. Құдықтан/ұңғымадан су беру

Айқ. Сипаттамасы

1	Ең жоғарғы су шығару нүктесі.
2	Шығыс клапан.
3	Кіріс сүзгі. Суда құм немесе басқа суспензиялар болған жағдайда сору жағына SCALA2 сорғысы мен жүйені қорғайтын сүзгі орнатыңыз. Ескертпе. Сүзгіні сорғыш құбыр желісіне орнатқан кезде максималды сору тереңдігі қысқаруы мүмкін, себебі сүзгі бітелгенде гидравликалық кедергі артуы мүмкін.
4	Торлы сүзгілі кіріс келте құбыр.
H1	Максималды сору биіктігі – 8 м.
H2	Кіріс құбыр желісі сұйықтыққа кемінде 0,5 м батырылуы керек.

8.5.3 Резервуардан су беру




10-сур. Резервуардан су беру

Айқ. Сипаттамасы

1	Ең жоғарғы су шығару нүктесі.
2	Түтіктер бекіткіштері және негіздері.
3	Шығыс клапан.
4	Иілгіш шлангілер.
5	Канализация жүйесіне ағызу желісі.
6	Торлы сүзгілі кіріс келте құбыр.
7	Суы бар резервуар.

8.5.4 Сорғыш құбыр желісінің ұзындығы
Төменде берілген кестеде тік түтік ұзындығына байланысты көлденең түтіктер ұзындықтары көрсетілген.

Кесте тек жалпы ұсыныстар ретінде берілген.



11-сур. Сорғыш құбыр желісінің ұзындығы

DN 32		DN 40	
H [м]	L [м]	H [м]	L [м]
0	68	0	207
3	43	3	129
6	17	6	52
7	9	7	26
8	0	8	0

Болжамды жағдайлар

Максималды ағын жылдамдығы: 1 л/с

Түтіктердің ішкі кедір-бұдырлығы: 0,01 мм

Номинал диаметр	Түтіктердің ішкі диаметрі	Қысым шығыны
DN 32	28 мм	1 м үшін 0,117 м
DN 40	35,2 мм	1 м үшін 0,0387 м

9. Электр жабдықты қосу

Электр қозғалтқышын қосу туралы қосымша ақпарат қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.



Ескерту
Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.



Ескерту
Жұмыс кернеуі мәні мен ток жиілігі фирмалық тақтайшада көрсетілген номинал деректерге сәйкес келуін тексеріңіз.



Ескерту
Егер қуат кабелі зақымдалса, ол өндірушінің қызмет көрсету маманымен немесе басқа білікті мамандармен ауыстырылуы керек.



Ескерту
Сақтық шара ретінде жабдықты тұйықталған розеткаға қосу керек.

Нұсқау

SCALA2 стационарлық сорғы қондырғысын ≤ 30 МА өшіру тогымен жерге кему тогынан қорғаныспен (ҚӨҚ) жабдықтау ұсынылады.

SCALA2 электр қозғалтқышында ток артық жүктемелерінен және артық қызудан қорғаныс бар.



Ескерту
Қондырғыда қосылыс жұмыстарын жүргізу алдында электр қуаты өшірілгенін және кездейсоқ немесе абайсыздықтан қосылмайтынын тексеру керек.



SCALA2 сорғысы сыртқы желі қосқышы арқылы қосылуы керек, барлық полюстер үшін контактілер арасындағы минималды аралық 3 мм болады.

10. Пайдалануға беру

Пайдалануға беру туралы қосымша ақпарат қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

Барлық SCALA2 сорғы қондырғылары өндіруші зауытта қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Назар аударыңыз

SCALA2 сорғысын сумен толтырмайынша (құймайынша) қосуға тыйым салынады.


10.1 Жұмыс сұйықтығымен толтыру

1. Құю саңылауы тығынын шешіп, SCALA2 корпусына кемінде 1,7 литр су құйыңыз. 12-суретті көріңіз.
2. Май құю тесігінің тығынын қайта бұраңыз. SCALA2 сорғысын қосып, сорғы қосулы кезде айдау ысырмасын баяу ашыңыз.

Егер сору тереңдігі 6 м-ден асса, SCALA2 сорғысын бірнеше рет толтыру керек болады.

Құю және ағызу саңылауы тығындарын үнемі қолмен бұраңыз.

10.2 SCALA2 сорғы қондырғысын іске қосу

1. SCALA2 сорғысын ауа шығаруға дайындау үшін кранды ашыңыз.
2. Ашаны розеткаға салсаңыз немесе қуатты қоссаңыз, SCALA2 сорғысы қосылады.
3. Барлық ауа шыққаннан кейін кранды жабыңыз.
4. Жүйедегі ең жоғарғы су шығару нүктесін ашыңыз (мүмкіндігінше душ).
5.  түймелерімен қысымды талап етілетін мәнге дейін реттеңіз.
6. Су шығару нүктесін жабыңыз. SCALA2 сорғысын қосу аяқталды.



12-сур. SCALA2 сорғысын толтыру

11. Пайдалану

SCALA2 сорғысын пайдалану туралы қосымша нұсқаулар қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

Пайдалану жағдайлары 15. *Техникалық сипаттамалар* бөлімінде көрсетілген.

11.1 Басқару функциялары

SCALA2 таңдау және монтаждау кезінде ұңғыманың өнімділігінің (соның ішінде абиссин ұңғымасының*) оның монтаждатын жүйенің кедергісін есепке ала отырып SCALA2 қондырғысының өнімділігіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізу қажет. Ұңғыманың өнімділігі тәжірибелі тартып шығарудан кейін анықталады және ұңғыманың төлқұжатында көрсетілуі керек. Түрлі тереңдіктегі сорулар кезінде SCALA2 қондырғысының сипаттамасына назар аударыңыз (1 қосымшаны қар.). Сонымен бірге сорғыш желілердегі жаңа құбыр желілерінде арынның жоғалуларын ескеріңіз (2 қосымшаны қар.).




Жаңа емес құбыр желілерінде арынның жоғалулары әдетте жаңа құбыр желілеріне қарағанда көптеу болады.

11.1.1 Мәзірге шолу, SCALA2



13-сур. SCALA2 сорғы қондырғысын басқару тақтасы


SCALA2 Функция	
	Қосу/өшіру
	Айдау қысымын арттыру
	Айдау қысымын төмендету
	Апаттық сигналдарды ысыру
	Талап етілетін айдау қысымының шкаласы
	SCALA2 қолмен тоқтатылды
	Басқару тақтасы құлыпталды

TM06 5301 5114

TM06 4204 1615

Қысым индикаторы, SCALA2

Қысым индикаторы 1,5-5,5 бар ауқымында 0,5 бар қадаммен талап етілетін айдау қысымын көрсетеді. Төмендегі суретте екі жасыл жарық индикаторымен көрсетілетін SCALA2 сорғысын 3 бар қысымға теңшеуді және бір жасыл жарық индикаторымен көрсетілетін SCALA2 сорғысын 3,5 бар қысымға теңшеуді көрсетеді.



14-сур. SCALA2 айдау қысымының көрсеткіші

	Бар	PSI	Метры водянно столба	кПа	МПа
5.5	80	55	550	0.55	
5.0	73	50	500	0.50	
4.5	65	45	450	0.45	
4.0	58	40	400	0.40	
3.5	51	35	350	0.35	
3.0	44	30	300	0.30	
2.5	36	25	250	0.25	
2.0	30	20	200	0.20	
1.5	22	15	150	0.15	

15-сур. Қысым көрсеткіші кестесі

4,5, 5,0 және 5,5 бар қысымдарын теңшеу SCALA2 сорғысының кірісінде оң қысым болуын қарастырады. Бұл орайда сорғы шығысы мен кірісі арасындағы қысым айырмашылығы 4 бар-дан аспауы керек.
Мысал: Егер шығыстағы талап етілетін қысым 5 бар болса, кірістегі қысым кемінде 1 бар болуы керек.

Нұсқау

SCALA2 жарық және апаттық индикаторлары

Көрсеткімдер	Сипаттамасы
	Жұмыс күйлерінің көрсеткімдері
	Басқару тақтасы құлыпталды
	Электр қуаты жүйесінің тоқтауы
	SCALA2 сорғысы құлыптаулы, мысалы, білік тірелген
	Жүйедегі кему
	Құрғақ жүріс немесе су мөлшері жеткіліксіз*
	Максималды қысымнан асқан
	Максималды жұмыс уақытынан асқан
	Температура рұқсат етілетін ауқымнан тыс

* SCALA2 сорғысы сумен толтырусыз іске қосылса, 4-индикатор іске қосылуы мүмкін. Бұндай жағдайда SCALA2 сорғысы тоқтап, тек қолмен қайта іске қосуға болады. SCALA2 сорғысы сұйықтықпен толтырып, қалыпты режимде жұмыс істеп, бірақ SCALA2 сорғысы су сорған құдық немесе ұңғыма босатылса, 4-индикатор іске қосылады. Бұндай жағдайда және 1, 2, 3, 5, 6 және 7 қателері көрсетілген жағдайда SCALA2 сорғысы автоматты түрде қайта іске қосылып, ақаулық себебі жоғалған жағдайда номинал жұмыс режиміне өтеді (11.4.3 Арнайы теңшеулер бөлімін қараңыз). SCALA2 сорғысының күйі туралы қосымша ақпарат алу үшін 11.2 SCALA2 сорғы қондырғысын пайдалану көрсетілімі (Grundfos Eye) бөлімін қараңыз.


TM06 4345 2015

11.2 SCALA2 сорғы қондырғысын пайдалану көрсетілімі (Grundfos Eye)

Grundfos Eye	Индикация	Сипаттамасы
	Индикаторлар жанбайды.	Қуаты өшірулі. SCALA2 жұмыс істемейді.
	45° бұрыштағы екі қарсы жасыл индикатор – сорғы жұмысын көрсетуге арналған осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңба.	Қуат көзі қосулы. SCALA2 жұмыс істейді.
	45° бұрыштағы екі қарсы жасыл индикатор – сорғы жұмысын көрсетуге арналған осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңба.	Қуат көзі қосулы. SCALA2 жұмыс істейді.
	Екі қарсы жасыл жарық индикаторы тұрақты жанады.	Қуат көзі қосулы. SCALA2 жұмыс істемейді.
	Екі қарсы қызыл жарық индикаторы бір уақытта жыпылықтайды.	Апаттық сигнал. SCALA2 тоқтады.
	Екі қарсы қызыл индикатор – сорғы тоқтауын көрсетуге арналған осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңба.	Апаттық сигнал. SCALA2 тоқтады.


11.3 Ақаулықтар көрсетілімін ысыру

Ақаулықтар көрсетілімін ысыру келесі әдістердің бірімен орындалады:

- Ақаулықтар себептерін жою үшін  түймесін басумен SCALA2 сорғысын қолмен қайта іске қосыңыз. Одан кейін SCALA2 сорғысы қалыпты жұмыс режиміне оралады.
- Егер ақаулық өздігінен жойылмаса, SCALA2 сорғысы автоматты түрде қайта іске қосылады (авто ысыру қосулы болса). Егер автоматты ысыру сәтті өтсе және қызметтік мәзінде «Авто ысыру» қосылса, ақаулықтар көрсетілімі жойылады.

11.4 Басқару мәзірі теңшеуі



11.4.1 SCALA2 сорғысындағы шығыс қысымы теңшеуі

 түймесін басумен шығыстағы қысымды реттеңіз.



11.4.2 Басқару тақтасын құлыптау

Басқару тақтасы құлыпталуы мүмкін, яғни түймелер істемейді және теңшеулер кездейсоқ өзгертілмейді.


Басқару тақтасын құлыптау

1.  түймелерін бір уақытта үш секундтай басып тұрыңыз.
2.  таңбасы жанған кезде басқару тақтасы құлыпталады.

Басқару тақталарын құлыптан босату

1.  түймелерін бір уақытта үш секундтай басып тұрыңыз.
2.  таңбасы жануы тоқтаған кезде басқару тақтасы құлыптан босатылады.

11.4.3 Арнайы теңшеулер

 **Арнайы теңшеулер тек монтаждаушыларға арналған.**

Арнайы теңшеулер мәзірі монтаждаушыға «Авто ысыру», «Антициклділік» және «Максималды үздіксіз жұмыс уақыты» функциялары арасында ауысуға мүмкіндік береді.

Авто ысыру

Зауыттық күйге келтіру: «Авто ысыру» функциясы қосулы.

«Авто ысыру» функциясы қосылған:

Бұл функция SCALA2 сорғысына апаттық сигналдарды автоматты ысыруға және жұмыс режиміне оралуға мүмкіндік береді.

Апаттық сигналдарды авто ысыру алгоритмі келесідей:

Апаттық сигнал	Қайта іске қосу алгоритмі
Құрғақ жүріс (SCALA2 сорғысын сумен толтырған кезде)	SCALA2 сорғысы 5 мин кейін автоматты түрде қайта іске қосылады (8 жүйелі талпыныс). Су болмаған жағдайда осы алгоритм 24 сағаттан кейін қайталанатын.
Құрғақ жүріс (SCALA2 сорғысын сумен толтырмаған кезде)	SCALA2 сорғысын сумен толтырып, қолмен қайта қосу керек.

Апаттық сигнал	Қайта іске қосу алгоритмі
Барлық қалған апаттық сигналдар	SCALA2 сорғысы 1 мин кейін автоматты түрде қайта іске қосылады (3 жүйелі талпыныс), 5 мин кейін автоматты түрде қайта іске қосылады (8 жүйелі талпыныс). Егер қалыпты жұмыс режим іске қосылмаса, осы алгоритм 24 сағаттан кейін қайталанады.

11.1.1 Мәзірге шолу, SCALA2 бөлімін қараңыз

«Авто ысыру» функциясы өшірілген:

Барлық апаттық сигналдар түймесін басумен қолмен ысырылады.

Антициклділік

Зауыттық күйге келтіру: «Антициклділік» функциясы өшірілген.

Осы функция жүйедегі кемуге байланысты SCALA2 сорғысын кездейсоқ қосу және өшіру мүмкіндігін болдырмайды (қосылыстардағы шағын кему, толығымен жабылмаған кран және т.б.).

«Антициклділік» функциясы өшірілген:

Егер сорғы қысқа уақыт ішінде 40 рет іске қосылса, тақтада апаттық сигнал беріледі. SCALA2 сорғысы қалыпты режимде жұмыс істейді.

«Антициклділік» функциясы қосылған:

Егер SCALA2 сорғысы қысқа уақыт ішінде іске қосылып тоқтайтын болса, 3-ші «Жүйедегі кему» апаттық сигнал беріліп, қондырғы тоқтайды.



Жүйедегі кему

Максималды үздіксіз жұмыс уақытының шектеуі (30 минут)

Зауыттық күйге келтіру: «Максималды үздіксіз жұмыс уақытының шектеуі» функциясы өшірілі.

Бұл функция 30 минут үздіксіз жұмыстан кейін SCALA2 сорғысын өшіретін таймер болып есептеледі.

«Максималды үздіксіз жұмыс уақытының шектеуі» функциясы өшірілген

30 мин үздіксіз жұмыстан кейін SCALA2 сорғысы су шығарылған жағдайда жұмысы жалғасады.

«Максималды үздіксіз жұмыс уақытының шектеуі» функциясы қосылған

SCALA2 сорғысының жұмыс уақыты 30 мин асса, 6-шы апаттық сигнал беріледі. Осы қате тек қолмен ысырылуы мүмкін.



Максималды үздіксіз жұмыс уақытынан асқан

Осы функция үлкен кему жағдайында пайдасыз су мен электр энергиясы тұтынысын болдырмауға арналған.

Арнайы теңшеулерге қатынас

Келесі әрекеттерді орындаңыз:

- түймесін бес секунд басып тұрыңыз.
- таңбасы жыпылықтап, арнайы теңшеулер белсендірілгенін көрсетеді.

Енді қысым шкаласы арнайы мәзір болып есептеледі. Жыпылықтайтын жасыл жарық диоды курсормен болып есептеледі.

Курсорды түймесімен жылжытып, түймелерімен қосылуын немесе өшірілуін таңдаңыз. Белсендірген кезде әрбір теңшеулер тиісті жарық диоды жанады.

- Курсорды жоғары жылжыту
- Курсорды төмен жылжыту
- Теңшеулерді ауыстыру



- Авто түсірілім
- Циклге қарсылық
- Үздіксіз жұмыстың мейлінше көп уақыты
- Арнайы мәзірден шығу

TM08-4346 2015

16-сур. Арнайы мәзірге шолу

11.4.4 Зауыттық теңшеулерге ысыру.


SCALA2 сорғысын зауыттық теңшеулерге қайтарып, түймелерін бес секунд бір уақытта басып тұрумен қайта іске қосуға болады.

11.5 Тоқтатқаннан немесе кідірістен кейін SCALA2 сорғы қондырғысын іске қосу

11.5.1 Ұзақ кідірістерден кейін SCALA2 сорғысын құлыптан босату

Ескерту
 SCALA2 сорғысымен істі бастау алдында электр қуаты өшірілгенін және кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

Бүйірлік қақпақта тиісті құралмен шығаруға болатын бітеуіш тығын бар. Егер SCALA2 білігі кідіріс салдарынан тірелсе, білікті құлыптан босатуға мүмкіндік береді.



TM06 4202 1615

17-сур. SCALA2 сорғы қондырғысы білігін құлыптан босату

11.5.2 Басқару мәзірі теңшеуі

Басқару мәзірінің теңшеулері, тіпті, өшірілген жағдайда SCALA2 жадында сақталады.

11.5.3 SCALA2 сорғысын құю

Егер SCALA2 сорғысы босатылса, іске қосу алдында оны сұйықтықпен толтыру керек.
10. Пайдалануға беру бөлімді қараңыз.

12. Техникалық қызмет көрсету

SCALA2 сорғысына техникалық қызмет көрсету - құралды таза ұстау, жүйелі түрде тексеру. Айдалатын ортаға байланысты (қоспалар, темір тұздары болуы, жоғары сұйықтық қаттылығы) сорғы бөлігін тазалау керек болуы мүмкін. SCALA2 сорғысы қызмет мерзімінде жүйелі түрде диагностикалау қажет емес.




Ескерту
SCALA2 сорғысымен істі бастау алдында электр қуаты өшірілгенін және кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

12.1 Жәндіктер сүзгісі

SCALA2 сорғысы жәндіктер түсімінен қорғайтын сүзгімен жабдықталады.

Сүзгі төмен орналасқан, оны шығару және қатты щеткамен тазалау оңай. 18-суретті көріңіз.

Сүзгіні жәндіктерден жылына бір рет немесе қажет болғанда тазалаңыз.




TM06 4537 2515

18-сур. Жәндіктер сүзгісі

12.2 Кері клапандарға техникалық қызмет көрсету

SCALA2 сорғысына арнайы техникалық қызмет көрсету талап етілмейді, бірақ қондырғының кіріс және шығыс келте құбырларына орнатылған кері клапандарды жылына бір рет немесе қажет болған жағдайда тексеріп тазалау ұсынылады.



TM06 3818 1015

19-сур. SCALA2 қондырғысы

SCALA2 кіріс қосылыстарына орнатылған кері клапанды шешу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қуатты өшіріп, ашаны розеткадан шығарыңыз.
2. Су көзін жабыңыз.
3. Кранды ашып, жүйені қысымнан босатыңыз.
4. SCALA2 сорғысының айдау және сору жақтарындағы ағын клапандарын жабыңыз және/немесе түтіктерді босатыңыз.
5. Құю саңылауынан тығынды баяу ашып шешіңіз. 19-суретті (5-орын) қараңыз.
6. Ағызатын саңылау тығынын шешіп, SCALA2 сорғысын босатыңыз. 19-суретті (8-орын) қараңыз.
7. Кіріс қосылысты бекітетін жапқыш гайканы шешіңіз. 19-суретті (7-орын) және 20-суретті қараңыз. SCALA2 сорғысы түріне байланысты сорғыш және ағын құбыр желісін бөлшектеу керек болуы мүмкін.
8. Кіріс келте құбырын (20-суретті қараңыз) шешіңіз.
9. Ішінен кері клапанды шешіңіз.
10. Кері клапанды жылы сумен және жұмсақ щеткамен тазалаңыз.
11. SCALA2 сорғысын кері ретпен жинаңыз. Айдау желісіне орнатылған кері клапанды шешу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Электр қуатын өшіріп, ашаны розеткадан ажыратыңыз.
 2. Су көзін жабыңыз.
 3. Кранды ашып, жүйені қысымнан босатыңыз.
 4. SCALA2 сорғысының айдау және сору жақтарындағы ағын клапандарын жабыңыз және/немесе түтіктерді босатыңыз.
 5. Құю саңылауынан тығынды баяу бұрап шешіңіз. 19-суретті (5-орын) қараңыз.

Шығыс келте құбырдың кері клапаны және тығыны бір торап болып есептеледі.

6. Кері клапанды жылы сумен және жұмсақ щеткамен тазалаңыз.
7. SCALA2 сорғысын кері ретпен жинаңыз.



TM06 4331 1616

20-сур. Кіріс және шығыс келте құбырлардың кері клапандары

12.3 Клиенттерге ақпараттық қызмет көрсету

Қосалқы бөлшектер туралы қосымша ақпарат алу үшін ru.grundfos.com сайтынан онлайн іздеу бағдарламасын және Grundfos Product Center жабдық таңдауын қараңыз.

12.4 Техникалық қызмет көрсету жинақтары

Техникалық қызмет көрсету жинақтары туралы қосымша ақпарат алу үшін ru.grundfos.com сайтынан онлайн іздеу бағдарламасын және Grundfos Product Center жабдық таңдауын қараңыз.

13. Істен шығару

SCALA2 сорғысын қолданыстан шығару үшін желілік қосқышты «Өшірулі» күйіне ауыстыру керек.




Ескерту
Желілік қосқышқа дейін орналасқан барлық электр желілері үнемі кернеулі болады. Сол себепті, SCALA2 сорғысының кездейсоқ немесе рұқсатсыз қосылуын болдырмас үшін желілік қосқышты құлыптау керек.

14. Төмен температура көрсеткіштерінен қорғаныс

Егер SCALA2 сорғысын жылдың суық мезгілінде (мысалы, қыс) пайдалану жоспарланбаса және төмен температуралар әсер ететін болса, SCALA2 сорғысын желіден өшіріп, оны қысқы жағдайларға дайындау керек.

Келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қосу/өшіру  түймелерімен SCALA2 сорғысын тоқтатыңыз.
2. Қуатты өшіріңіз.
3. Кранды ашып, жүйені қысымнан босатыңыз.
4. Шығыс клапандарды жабыңыз және/немесе құбыр желісін босатыңыз.
5. SCALA2 сорғысындағы қысымды босату үшін құю саңылауынан тығынды баяу шешіңіз.
6. SCALA2 сорғысын босату үшін ағызатын саңылау тығынын шешіңіз. 21-суретті көріңіз.



TM06 4203 1615

21-сур. SCALA2 сорғысын босату

Ұзақ кідірістен кейін SCALA2 сорғысын қосу

11.5.1 Ұзақ кідірістерден кейін қондырғыны құлыптан босату бөліміндегі келесі қадамдарды орындаумен SCALA2 сорғысы құлыпталмағанын тексеріңіз.

Келесі бөлімді қараңыз: 10. Пайдалануға беру.

Төмен температуралар жағдайында SCALA2 сорғысын пайдалану кезінде 8.1.2 SCALA2 сорғысын төмен температуралар жағдайында орнату бөлімінде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

Пайдалану шарттары

Қоршаған ортаның максималды температурасы:	55 °C
1 x 200-240 В, 50 Гц:	
Айдалатын сұйықтықтың максималды температурасы:	45 °C
Жүйедегі максималды қысым:	10 бар, 1 МПа
Кірістегі максималды қысым:	6 бар, 0,6 МПа
Максималды ағын:	45 м
Қорғаныс деңгейі:	X4D
Айдалатын сұйықтық:	таза су
Шу деңгейі:	< 47-53 дБ(А)


Қосылыстар өлшемдері: R 1" немесе NPT 1".

Электротехникалық деректер

Түрі	SCALA2
Қуат кернеуі (В)	1x200-240
Жиілік (Гц)	50
I _{макс} (А)	2,3 - 2,8
P1 (Вт)	550
Күту режиміндегі тұтынылатын қуат (Вт)	2

Кабель ұзындығы және аша түрі	A: Ашалы кабель, IEC бойынша I түрі, AS/ NYS3112, 2 м
	B: Ашалы кабель, IEC бойынша B түрі, NEMA 5-15P, 6 фут
	C: Ашалы кабель, IEC, E&F түрі, CEE7/7, 2 м
	D: Ашасыз кабель, 2 м
	G: Ашалы кабель, IEC бойынша G түрі, BS1363, 2 м
	H: Ашалы кабель, IEC бойынша I түрі, IRAM 2073, 2 м
J: Ашалы кабель, NEMA 6-15P, 6 фут	

Өлшемдері және массасы



TM06 3305 5114

22-сур. SCALA2 габариттік сызбасы

Түрі	H1 [MM]	H2 [MM]	H3 [MM]	W1 [MM]	L1 [MM]	Масса [KG]
SCALA2	302	234	114	193	403	10























Шығын-ағын сипаттамалары 1-қосымшада келтірілген.

16. Ақаулықтарды тауып жою



Ескерту
Ақаулықты іздеу алдында қуат көзін өшіру керек.
Электр қуаты кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

Ақаулық	Grundfos Eye	Жарық индикаторы	Автоматты ысыру	Себебі	Жою тәсілі	
1. Қондырғы жұмыс істемейді.		-	-	a) Электр қуат жүйесінің тоқтауы	Электр қуатын қосыңыз. Кабельдерді және кабель қосылыстарын зақымдарға және бос қосылысқа тексеріңіз. Қуат желісінің сақтандырғыштарын тексеріңіз.	
			Иә	b) Қуат кернеуі берілген ауқымға сәйкес келмейді	Электр қуаты параметрлерін SCALA2 фирмалық тақтайшасындағы деректермен салыстырыңыз. Қуат кернеуін берілген ауқымға сәйкес реттеңіз.	
				c) Білік тірелген	Жоқ	11.5 Тоқтатқаннан немесе кідірістен кейін SCALA2 сорғы қондырғысын іске қосу бөлімін қараңыз.
				d) Қондырғы ластанулармен құлыпталған	Жоқ	11.5 Тоқтатқаннан немесе кідірістен кейін SCALA2 сорғы қондырғысын іске қосу бөлімін қараңыз. Егер мәселені шешу мүмкін болмаса, Grundfos компаниясының қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.
			Иә	e) Құрғақ жүріс	Иә	Су көзін тексеріп, қондырғыны толтырыңыз.
			Жоқ	f) Максималды үздіксіз жұмыс уақытынан асқан	Жоқ	Қондырғыны кемуге тексеріп, апаттық сигналды ысырыңыз.
2. Қондырғы жұмыс істейді.				a) Құбыр желісінде кему немесе кері клапан тірелген	Кері клапанды тазалаңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз. Келесі бөлімді қараңыз: 12. Техникалық қызмет көрсету.	
				b) Талап етілетін шығын төмен	Жоқ	Су шығару нүктелерін тексеріп, тұтыныс параметрлерін өзгертіңіз
				c) Қоршаған орта температурасы қату температурасынан төмен	Жоқ	Қондырғы және мұздату жүйесі қорғанысын қамтамасыз етіңіз.

Ақаулық	Grundfos Eye	Жарық индикаторы	Автоматты ысыру	Себебі	Жою тәсілі
3. Қондырғының жеткіліксіз өнімділігі.		-	-	a) Қондырғы кірісіндегі қысым өте төмен	Қондырғы кірісіндегі жағдайларды тексеріңіз.
		-	-	b) Қондырғының жеткіліксіз өлшемі	Үлкен өлшемді қондырғыны таңдаңыз.
		-	-	c) Сорғыш келте құбыр, кірістегі торлы сүзгі немесе қондырғы ластанулармен жартылай құлыпталған	Сорғыш құбыр желісін немесе қондырғыны тазалаңыз.
		-	-	d) Сорғыш құбыр желісіндегі кему	Сорғыш түтікті жөндеңіз.
		-	-	e) Сорғыш құбыр желісіндегі немесе қондырғыдағы ауа	Сорғыш желіге және қондырғыға сұйықтық құйыңыз. Қондырғы кірісіндегі жағдайларды тексеріңіз.
		-	-	f) Шығыстағы талап етілетін қысым өте төмен	Қысым орнатымын арттырыңыз (көрсеткі жоғары).
			Иә	g) Максималды температурадан асырылған – қондырғы төмен өнімділікпен жұмыс істейді	Суыту жағдайын тексеріңіз. Қондырғыны тікелей күн сәулесінен және жылу көзіне тым жақын орналасқан заттан қорғаңыз.
	4. Жүйедегі артық қысым.			Иә	a) Максималды қысымнан асырылған – кірістегі қысым 6 бар, 0,6 МПа көрсеткішінен асады
			Иә	b) Максималды қысымнан асырылған – жүйеге қосымша орнатылған жабдық (мысалы, су қыздырғыш) қондырғы кірісінде жоғары қысым жасайды	Жүйені тексеріңіз.
5. Қондырғы қайта іске қосылады, бірақ тек бірнеше секунд жұмыс істейді.			Иә	a) Құрғақ жүріс немесе су жеткіліксіздігі	Су көзін тексеріп, қондырғыға құйыңыз.
			Иә	b) Сорғыш құбыр желісі ластанулармен құлыпталған	Сорғыш құбыр желісін тазалаңыз.
			Иә	c) Шығыс немесе кері клапан жабық күйде құлыпталған	Шығыс немесе кері клапанды тазалаңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.
			Иә	d) Сорғыш құбыр желісіндегі кему	Сорғыш құбыр желісін жөндеңіз.
			Иә	e) Сорғыш құбыр желісіндегі не қондырғыдағы ауа	Сорғыш құбыр желісіне және қондырғыға сұйықтық құйыңыз. Қондырғының кірісіндегі жағдайларды тексеріңіз.

Ақаулық	Grundfos Eye	Жарық индикаторы	Автоматты ысыру	Себебі	Жою тәсілі
6. Қондырғыны қолмен қайта қосуға болады, бірақ қысқа уақыт жұмыс істеп, одан кейін бірден тоқтайды.			Жоқ	а) Кері клапан ақаулы немесе толығымен немесе жартылай ашық күйде құлыпталған	Кері клапанды тазалаңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.
			Жоқ	б) Ағын бағіндегі қысым тым төмен немесе тым жоғары	Бактегі болжалды қысымды шығыстағы талап етілетін қысымның 70 %-ға орнатыңыз.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Өндіруші:
Grundfos Holding A/S,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты өндіруші ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы:
«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Лешково а., 188-үй.

Еуразиялық экономикалық одақ аумағында импорттаушылар:
«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Лешково а., 188-үй;
«Грундфос» ААҚ
109544, Мәскеу қ., Школьная көш., 39-41, 1 құр.;

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көш., 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Тағайындалған қызметтік мерзімі аяқталғаннан кейін, жабдықты пайдалану аталған көрсеткішті ұзарту мүмкіндігі жөнінде шешім қабылдағаннан кейін жалғаса алады. Жабдықты аталған құжаттың талаптарынан ерекшеленетін тағайындалу бойынша пайдалануға жол берілмейді.

Жабдықтың қызметтік мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстар адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға арналған қауіпсіздік талаптарын төмендетпей заңнама талаптарына сәйкес жүргізілуі керек.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптамалар/қосымша қаптау құралдарының атауы	Қаптамалар/қосымша қаптау құралдары дайындалатын материалдың өріптік белгісі
Қағаз және картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	PAP
Ағаш және ағаштан жасалған материалдар (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	FOR
(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	LDPE
Пластик (тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	HDPE
(полистирол)	Пенопласттан жасалған бекіткіш төсемелер	PS
Аралас қаптама (қағаз және картон/пластик)	«Скин» түрлі қаптама	C/PAP

Қаптаманың және/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін өндіруші зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.

Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олардан дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Нақты ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішіндегі «Өндіруші. Жарамдылық мерзімі» бөлімінде көрсетілген дайын өнімді шығарған өндірушіден сұраңыз. Сұрау кезінде өнім нөмірін және жабдықты өндіруші елді көрсету керек.

Приложение 1.




Рис. 23 Расходно-напорная характеристика SCALA2 при учете различных глубин всасывания

Приложение 2.

Таблица 1. Потери напора в новых трубопроводах на длину 10 м

Расход воды			Номинальный диаметр в дюймах, внутренний диаметр в мм					Номинальный диаметр в мм, внутренний диаметр в мм			
			Стальные водопроводные трубы					Полимерные трубы			
м³/ч	л/мин	л/с	½"	¾"	1"	1¼"	1½"	25	32	40	50
			15,75	21,25	27,00	35,75	41,25	20,4	26,2	32,6	40,8
0,6	10	0,2	0,9	0,5	0,3			0,5	0,3	0,2	0,1
			0,99	0,24	0,08			0,18	0,07	0,03	0,09
0,9	15	0,25	1,3	0,7	0,4	0,2		0,8	0,5	0,3	0,2
			2,01	0,49	0,16	0,04		0,4	0,11	0,06	0,02
1,2	20	0,33	1,7	0,9	0,6	0,3	0,2	1,0	0,6	0,4	0,3
			3,35	0,8	0,26	0,07	0,03	0,64	0,22	0,09	0,03
1,5	25	0,42	2,1	1,2	0,7	0,4	0,3	1,3	0,8	0,5	0,3
			4,99	1,19	0,38	0,1	0,05	1	0,5	0,14	0,04
1,8	30	0,50	2,6	1,4	0,9	0,5	0,4	1,5	0,9	0,6	0,4
			6,93	1,65	0,53	0,14	0,07	1,3	0,46	0,19	0,06
2,1	35	0,58	3,0	1,6	1,0	0,6	0,4	1,8	1,1	0,7	0,4
			9,15	2,18	0,69	0,18	0,09	1,6	0,6	0,2	0,07
2,4	40	0,67		1,9	1,2	0,7	0,5	2,1	1,2	0,8	0,5
				2,77	0,88	0,23	0,12	2,2	0,75	0,33	0,09

Расход воды			Номинальный диаметр в дюймах, внутренний диаметр в мм					Номинальный диаметр в мм, внутренний диаметр в мм			
			Стальные водопроводные трубы					Полимерные трубы			
м³/ч	л/мин	л/с	½" 15,75	¾" 21,25	1" 27,00	1¼" 35,75	1½" 41,25	25 20,4	32 26,2	40 32,6	50 40,8
3,0	50	0,83		2,3	1,5	0,8	0,6	2,5	1,5	1,0	0,6
				4,14	1,31	0,34	0,17	3,7	1,1	0,48	0,14
3,6	60	1,00		2,8	1,8	1,0	0,7	3,1	1,9	1,2	0,8
				5,77	1,83	0,47	0,24	4,3	1,5	0,65	0,19
4,2	70	1,12		3,3	2,0	1,2	0,9	3,4	2,0	1,3	0,9
				7,65	2,42	0,62	0,31	5	1,8	0,08	0,25
4,8	80	1,33			2,3	1,3	1,0		2,5	1,6	1,0
					3,09	0,79	0,4		2,5	1,05	0,3

Вверху представлена скорость потока воды в м/с.

Внизу представлены потери напора в метрах на каждые 10 метров прямого участка трубопровода.

Приложение 3.




Рис. 24 Расходно-напорная характеристика SCALA2

Информация о подтверждении соответствия



Насосные установки SCALA сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.БЛ08.В.00020 срок действия до 21.04.2021 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд

RU

Сертификации», аттестат аккредитации № RA.RU.11БЛ08 от 24.03.2016 г.,

выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская

обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1;

телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Информация о подтверждении соответствия, указанная в данном документе, является приоритетной.

SCALA сорғы қондырғылары Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.БЛ08.В.00020 мерзім соңы: 21.04.2021 ж. «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімдерді

сертификаттау органымен берілген: «Ивановский Фонд Сертификации» ЖШҚ, аккредитация

KZ

аттестаты № RA.RU.11БЛ08, 24.03.2016 ж., Федералдық аккредитация органымен берілген,

мекенжайы: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановская обл., Иваново қ.,

Станкостроителей көш., 1-үй;

телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сертифициқталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сәйкес пайдаланылуы керек.

Аталған құжатта көрсетілген сәйкестікті растау туралы мәліметтер басымдықты болып табылады.

SCALA нын суу соргуч тетиктери Бажы Биримдигинин «Төмен вольттуу жабдыктын коопсуздугу жөнүндөгү» (ТР ТС 004/2011, «Машиналардын жана жабдыктардын коопсуздугу жөнүндөгү» (ТР ТС 010/2011), «Техникалык каражаттардын электр магниттик шайкештиги» (ТР ТС 020/2011) техникалык регламенттеринин талаптарына ылайык тастыкталган .

Шайкештик тастыктамасы:

№ ТС RU C-DK.БЛ08.В.00020 иштөө мөөнөтү 21.04.2021-ж.чейин.

Өнүмдөрдү тастыктоо боюнча «Тастыктоонун Ивановдогу Фонду» ЖЧКсынын «ИВАНОВО-

KG

ТАСТЫКТОО» органы тарабынан берилген. Аккредитация аттестаты № RA.RU.11БЛ08

24.03.2016-жылы ыйгарылган,

тастыктоо боюнча Федералдык кызмат тарабынан берилген; дареги: 153032, Россия

Федерациясы, Иванов дубаны, Иваново ш., Станкостроителдер көч., үй №1;

телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Шайкештик тастыктамасында көрсөтүлгөн тетиктер, топтом буюмдар тастыктамадан өткөн буюмду түзүүчү бөлүктөр болуп, алар менен биргеликте гана пайдаланылышы керек.

Ушул документте көрсөтүлгөн шайкеш келүүнү тастыктоо тууралуу маалымат артыкчылыктуу болуп эсептелинет.

Информация о подтверждении соответствия

SCALA պոմպային սարքերը ունեն Մաքսային միության «Ցածր լարման սարքավորումների անվտանգության մասին» (TP TC 004/2011), «Մեքենաների և սարքավորումների անվտանգության մասին» (TP TC 010/2011), «Տեխնիկական միջոցների էլեկտրամագնիսական համատեղելիությունը» (TP TC 020/2011) տեխնիկական կանոնակարգերի պահանջներին համապատասխանության հավաստագրում:

Համապատասխանության հավաստագիր.

№ TC RU C-DK.БЛ08.В.00048 ուժի մեջ է

մինչև 21.04.2021 թ.: Տրվել է «ԻՎԱՆՈՎՈՎ-ՍԵՐՏԻՖԻԿԱՏ» ՍՊԸ «Իվանովսկի Հավաստագրման

AM Միջնադրամ» հավաստագրման մարմնի կողմից, հավաստագրման վկայական № RA.RU.11БЛ08 առ 24.03.2016 թ., տրվել է Հավաստագրման Դաշնային ծառայության կողմից; հասցե՝ 153032, Ռուսաստանի Դաշնություն, Իվանովսկայա մարզ, ք. Իվանովո, փ. Ստանկոստրոիտեյ, տուն 1 հեռախոս. (4932) 23-97-48, ֆաքս. (4932) 23-97-48:

Համապատասխանության հավաստագրում նշված պատկանելիքները, լրակազմի բաղադրիչները և պահեստամասերը հանդիսանում են հավաստագրված արտադրանքի բաղադրիչ մասեր և պետք է օգտագործվեն միայն դրա հետ:

Տվյալ փաստաթղթում նշված համապատասխանության հավաստման մասին տեղեկատվությունն ունի առաջնայնություն:

По всем вопросам обращайтесь:

Российская Федерация
ООО Грундфос
109544, Москва, ул. Школьная,
д. 39-41, стр. 1
Тел.: +7 (495) 564-88-00,
+7 (495) 737-30-00
Факс: +7 (495) 564-88-11
E-mail: grundfos.moscow@
grundfos.com

Республика Беларусь
Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт».
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан
Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7.
Тел.: +7 (727) 227-98-54
Факс: +7 (727) 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

99011853 1017
ECM: 1218638

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 